

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.188-189

АДАМНЫҢ СӨЙЛЕУ ӘДЕБІ – МӘДЕНИЕТТІЛІК АЙНАСЫ

Тұрсынбай А.

Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас құралдарының ішіндегі өмірде кең қолданылатыны және аса маңыздысы-тіл. Тіл-қарым-қатынас құралы, жанды құбылыс. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды-қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Қазіргі таңда тіл мәдениетінің көкейтестілігі арта түсті. Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы-сөйлей білу. Әр адам дұрыс сөйлей білу, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыра білуі тиіс.

Сөйлеу әдебі-тіл біліміндегі аса ауқымды, кең көлемді мәселелердің бірі. **Сөйлеу әдебі** ағыл. *speech etiquette* – тіл практикасының ұлттық, өзіндік ерекшеліктерге ие қағидалары; бұл ережелер әңгімелесушімен «сыпайы, биязы» байланыс жасауға (байланысты орнату, оны қолдап отыру, байланысты тоқтату) қоғам тарапынан бекітілген қалыпты нысандар мен тілдік бірліктер жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Сөйлеу әдебінің жағдаяттары ретінде назар аудару және назарды өзіне аудару, амандасу, танысу, шақыру, өтініш, кеңес беру, ұсыныс жасау, келісу, қарсы болу, кешірім сұрау, көңіл айту, қошемет сөз айту, құттықтау, қоштасу және т.б. түрлерді атауға болады [1,214]. Сөйлеу әдебі сөйлеу әрекетіндегі сөйлеу ережелері мен әдеп нормаларынан тұратынын Н.Уәлиев «Сөз мәдениеті» еңбегінде толықтай айтып өткен [2,67]. Дж.Серль «Сөйлеу әрекеті-тілдің коммуникативті бірлігі ғана емес, тіл білімінің негізгі нысаны. Сөйлеу әрекеттерін дұрыс үйрену тілді дұрыс үйренумен тең», -деп сөйлеу әрекеттерінің маңыздылығына тоқталып өтеді [3,23].

Сөйлеу әдебі сыпайылықты білдіретін қосымшалардан немесе тіркестен тұруы мүмкін. Қазіргі уақытта сөйлеу әдебі тілдік қарым-қатынаста, қоғамдық орындарда, әсіресе, жастардың тілінде сақталмай жүр.

«Қазір қазақ жастары қай тілде сөйлейді?»-деген сұрақ қоятын болсақ, әрине, қазақша немесе қазақша-орысша араластырып сөйлейді деп жауап береміз. «Шала қазақша» сөйлегені былай тұрсын, соңғы кезде қазақ жастарының арасында «жаргон», «сленг», «варваризм» сөздерін қосып сөйлеу тілі қалыптасып келеді. **Жаргон**-(франц. *jargon*)-шағын әлеуметтік топ қолданатын, ешқандай жеке тілдік дербестігі жоқ жалпыхалықтық тілдің тармағы [4,130]. **Сленг** -(англ. *slang* жаргон)-белгілі бір кәсіп, мамандық немесе әлеуметтік топ адамдары қолданатын сөздер мен сөйлемшелер. Мысалы, жастар сленгі, суретшілер сленгі, теңізшілер сленгі, сатушылардың

сленгі, медициналық сленг, бизнес-сленг, спорттық және ойындық, өнердегі сленг

т.б. яғни кәсіби сленгтер, сленг сөздер.

«Сленг» сөзінің мағынасына кеңірек тоқталатын болсақ:

Сленг-ерекше тарихи түрде қалыптасқан және жоғары не төмен деңгейдегі сөйлеушілердің барлық сатысына ортақ тілдік норманың нұсқасы болып табылады.

Сленг-бұл лексикалық құбылыс.

Сленг-бұл әдеби емес лексика, яғни қазіргі әдеби норманың талаптарына сай әдеби қазақ тіліне жатпайды.

Сленг- ең алдымен, ауызекі тілде пайда болатын және қолданылатын лексика.

Сленг-эмоционалды бояуға ие лексика.

Сленг-басым көпшілік сөз бен сөз тіркестерінің біршама айқын көрсетілген дөрекі мәнерімен сипатталады.

Жаргон және сленг сөздер қазіргі таңда жастар арасында жиі қолданылып жүр. Мысалы: университет – универ, жатақхана – общага, сенімді-базар жоқ, өтірік соғу-құлаққа лапша ілу, адамға маза бермейтін адам-ауру, ыңғайсыздыққа тап болу-косякка кіру, бөгеліп қалу-тормозы ұстап қалды, қысқа қоңырау шалу- маяк тастау, артық сөйлеп кеткен адам, мылжың-қуғынбай, көп сөйлеу-миды шіріту, тамақ-хавчик, ғаламтор-инет, теледидар-телик және т.б.

Студент тілінде мұндай кемшіліктердің болу себептері:

1. Органың әсері:

- а) студенттің сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тіл әсер етеді;
 - ә) көшенің әсері (дөрекі, былапыт тіл);

2. Сөйлеу дағдыларының жоқтығы (жастардың тіл дамытуға немқұрайлы қарауы):

- а) қазіргі жастардың көркем әдебиет оқымауы;

- ә) ауызша сөйлесуден гөрі, Уатсап, Instagram, Twitter, Facebook, «В Контакте» әлеуметтік желілерінде сағаттап отыруы;

3. Жекелеген студент тіліндегі кемшілік (сақаулық, мыңғылдық т.б.).

Сөйлеу-адам санасының басты белгісі, қоғам алдындағы адамға тән болмысы. Ауызекі сөйлесу кезінде жеке адамдар өзінің мінез-құлқын көрсетеді. Сөйлеу, сөйлесе білу-өнер, мәдениеттіліктің белгісі. Тілдегі сауатсыздық-адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі.

Сондықтан да тілімізді жаргон, сленг сияқты сөздермен шұбарламай, ата-бабаларымыз қалдырған асыл сөздерімізді қолданып, ХХІ ғасырды ақпарат пен жаңа технологиялардың заманы деп компьютерге телміре бермей, әдеби кітаптар оқып, тіліміздің тазалығын сақтауымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. ӘЛТС (әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі).-Астана, 2008.
2. Уәлиев Н.Сөз мәдениеті. - Алматы, 1984.
3. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчество.- Москва, 1986.
4. Қалиев Ғ. **Тіл** білімі терминдерінің түсіндірме **сөздігі**.- Алматы, 2005 жыл.
5. А.Е.Zhusupov, A.Sh.Albekova, G.K.Rezuanova, G.T.Omarova, Sh.Kabieva European Journal of Scientific Research No.1. (11), January-June, Volume III, Paris University Press, 2015. 292-296 p.

Ғылым жетекшісі А.А. Ахметова